

**Асылжанова Данагуль Ерболовнаның 6D01100 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына**

### **ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПКІРІ**

Диссертацияның зерттеу тақырыбы бүтінгі қоғамның күн тәртібінен түспей келе жатқан аса бір көкейкесті проблемасы. Тақырыптың көкейкестілігін ізденуші ғалымдардың ғылыми зерттеу еңбектеріне теориялық-әдіснамалық және әдістемелік бағытта жан-жақты талдау бере отырып, қарастырылып отырған проблеманың бірқатар бағыттары әлі де болса зерттеу жұмысын талап ететінін дәлелді қарама-қайшылықтарды көрсете отырып негіздең. Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзіреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру қажеттілігін дәлелдеу барысында білім беру саласында жарық көрген нормативті құжаттарға сүйенген. Осылайша зерттеу тақырыбының теориялық-әдіснамалық, әдістемелік негіздерін жүйелі қарастыру арқылы бірқатар нәтижеге қол жеткізген:

- зерттеу пәнін ескере отырып, «бастауыш мектеп оқушысының шеттілдік коммуникативтік құзіреттілігі» ұғымына анықтама берген. Оны «шетел тілінің орфографиясы, фонетикасы, лексикасы мен грамматикасы, тіл менгерілетін елдің қарым-қатынас этикасы, әлеуметтік, мәдени-тарихи ерекшеліктері, компьютерлік технологиялар лексикасы, барабар мінез-құлқындағы іскерліктері, тұлғалық және кәсіби қатынасқа бағытталған жағдялтар саласындағы білім мен дағдыларға негізделген коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу қабілеті» деп түсіндірген және өзінің анықтамасын нақты деректемелерді негізге ала отырып дәлелдеген;

- бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың педагогикалық мүмкіндігін сарапап көрсеткен. Оның, біріншіден, электронды оқулықтар мен интерактивті веб-элементтерді қолдану оқушылардың шетел тілін менгерудегі өзіндік іс-әрекетінің тиімділігін арттыруға және менгерген білім сапасын бақылауға мүмкіндік беретінін; екіншіден, интернет желісінде ағылшын тілінде бейне- және аудио материалдарды іздеу жүйесінің болуы, электронды кітапханаларда, білім беру сайттарында және порталдарда қосымша әдебиеттермен гипер байланыстың болуы әлеуметтік-мәдени білім мен Интернет-технологиялар саласындағы білімін кеңейтетінін, үшіншіден, Отандық бейне-, аудио-олимпиадаларға, чат-сессияларға қатысу оқушыларды шетел тілінде тікелей қарым-қатынас жасауға бағыттайтынын осы бағытта орындалған зерттеу жұмыстарын негізге ала отырып сарапап мазмұндаған;

- бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзіреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы төрт блоктан тұратын (мақсатты, тұжырымдамалық, мазмұнды-іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелік) қалыптастыру моделін ұсынған. Эрбір блоктың атқаратын қызметіне жан-жақты талдау берген;

- модельді тиімді жүзеге асыруда ықпал ететін дидактикалық шарттарды (ақпараттық-коммуникациялық технологияны енгізе отырып, оқу процесін ұйымдастыру барысында шетел тілін үйренуде оң мотивация құру; ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде шетел тілін оқыту мазмұнның әлеуметтік-мәдени бағыттылығын нығайту; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың шетел тілін менгерудегі өзіндік іс-әрекеттің ұйымдастыру) бастауыш мектептің стандарты мен оқу бағдарламасын негізге ала отырып айқындаған және әрбір шарттың атқаратын қызметінен түсінік берген;

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде құрылған оқу-әдістемелік кешен (факультативтік курс бағдарламасы, әдістемелік нұсқаулар, жаттыгулар мен тапсырмалар жинағы, авторлық интерактивті электронды оқулық, электронды глоссарий т.б.) және оны жүзеге асырудағы әдістемені ұсынған. Әдістеменің тиімділігі үш кезеңде (анықтау, қалыптастыру, бақылау) жүргізілген тәжірибелі-эксперимент барысында алынған аралық кесінділер мен қорытынды нәтижелерді мазмұнданған отырып дәлелдеген.

Зерттеудің практикалық мәні де аса жоғары. Диссертанттың зерттеу барысында жасаған оқу-әдістемелік кешені, «English for Fun» атты авторлық интерактивті электронды оқулығы, жаттыгулар мен тапсырмалар жинағы бүгінгі таңда эксперимент жүргізген Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының» оқу процесінде қолданылып жүр.

Диссертанттың зерттеу барысында қол жеткен нәтижелері, ой-тұжырымдары SCOPUS базасына кіретін 2 ғылыми басылымда, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған басылымдарда 4 ғылыми мақалаларда, 2 республикалық журналдарда, 7 халықаралық ғылыми конференция материалдарында жариялым көрген.

Зерттеудің дәлелділігі мен негізділігі әдіснамалық-теориялық, практикалық тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу мазмұнның ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, кешенді әдістерді қолданумен, зерттеу нәтижелерін практикаға ендірумен, тәжірибелі-эксперимент барысында пайдаланған ұсыныстардың тиімділігімен, ғылыми болжамның дәлелденуімен, ізденушінің білім беру жүйесіндегі жұмыс тәжірибесімен қамтамасыздандырылады.

Корыта айтқанда, Д.Е. Асылжанованың диссертациялық жұмысы қойылған талаптарға сай, сауатты қазақ тілінде жазылған, дербес орындалған жұмыс болып табылады. Диссертацияның мазмұны, алынған нәтижелерінің дәлелділігі диссертанттың зерттеу проблемасын жан-жақты, жетік менгергенін дәлелдейді.

Д.Е. Асылжанованың «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік

құзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында орындалған докторлық диссертациясын қорғауға ұсынуға болады және Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келетіндіктен, диссертант Данагуль Ерболовна Асылжановаға 6D01100 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін беруге лайықты деп қорытынды жасауға болады.

Ғылыми жетекші,  
педагогика ғылымдарының докторы,  
Абылай хан атындағы ҚазХҚЖТУ профессоры

С.А. Узакбаева

